Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

31 мамыр сейсенбі
№43 (1848)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

КОНФЕРЕНЦИЯ

Өткен сенбіде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Студенттер сарайында» ұлт әдебиетінің абызы, классик жазушы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әбдіжәміл Нұрпейісовті еске алуға арналған «Әбдіжәміл Нұрпейісов – заманымыздың заңғар жазушысы» атты республикалық ғылыми конференция өтті.

ТЕҢІЗБЕН ТАМЫРЛАС ТАҒДЫР

Жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Балайым Кесебаева, жазушы, кинодраматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Елубай Смағұл, ҚР Мәдениет қайраткері Мырзан Кенжебай және кинорежиссер Рүстем Әбдірашов, Ақтөбе облысы Шалқар ауданының арнайы делегациясы, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, ғалымдар мен ұстаздар, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің туған-туыстары қатысты.

Басқосуда облыс әкімі жазушының рухани мол мұрасы мен құнды туындылары бүгінгі ұрпағының рухын көтеріп, тәуелсіз Қазақ елінің баянды болашағына қызмет ете беретінін атап өтті.

– Қазақ елінің, қасиетті Сырдың руханиятына, әлемдік ақыл-ойдың бай қазынасына өлшеусіз үлес қосқан классик жазушы, елінің Әбесі болған дарабоз тұлға туған жерінің тағдырлы мәселесін жаһандық деңгейге жеткізіп, оқырман қауымның шексіз ықыласына бөленді.

«Мәдени-рухани дәулетіміздің қадір-қасиетін қапысыз пайымдап, елі мен жері үшін тер төккен тұлғаларымыздың болмысын жаңылмай танып отыру – ұрпақ парызы» деп өзі айтып кеткеніндей, енді бізге Әбдіжәміл ағаның шығармашылығын, қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосқан өлшеусіз еңбегін, қайталанбас классикалық туындыларын жас ұрпаққа ұлағаттау аманат болып қалды. Сондықтан еске алу шарасын екі күнге екшеп, оның әрбір сәтін мәнмаңызға толы мезіретпен атқаруды ойластырдық, – деді облыс басшысы.

2 БЕТТЕ

31 МАМЫР – САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

САЯСИ РЕПРЕССИЯ МЕН АШАРШЫЛЫҚ ТАҚЫРЫБЫНЫҢ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Өткен күнге үңілсек, ұялатындай ештеңеміз жоқ. Бірақ жанды ауыртатын, жұдырықтай жүрегімізді езетін, жанарға жас үйіртетін нәубетті күндер бар. Күндер дейміз-ау, ашығын айтқанда қазақтың жартысынан астамын жалмаған, елім деген ерлерін қармаған жылдар бар.

XX ғасырдағы саяси репрессия мен ұлтты қырғынға ұшыратқан ашаршылық қай қазақтың болса да тұла бойын тулатып, жанын ауыртады. Репрессия мен ашаршылықтың қаншалықты зардап әкелгенін әрі оның себебі мен салдарын тарихшылар дәлелді дәйектерін келтіріп айтып жатыр, айта да береді. Ал біз осы бір нәубетті кезеңнің қазақ баспасөзіндегі көрінісін сөз еткенді жөн көрдік.

Кеңес үкіметінің қалай орнағаны, қаймана жұрттың қалай жапа шеккені сол тұста жарыққа шығып тұрған «Бірлік туы» мен «Ақжол» газетінде айна-қатесіз берілген. «Бірлік туын» Мұстафа Шоқай шығарса, «Ақ жолдың» бас редакторы Сұлтанбек Қожанов еді.

Дихан Қамзабекұлы мен Ербол Тілешовтай филолог ғалымдар шығарған «Алаш қозғалысы» атты кітапта бұл газеттерде өз кезегінде қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді қозғайтын мақалалар жарияланғаны жазылған. Біз бұл екі басылымды Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дұлатов шығарған «Қазақ» газетінің ізбасары деп санаймыз. Өйткені бұл газеттерде М.Шоқайұлы, Х.Болғанбайұлы, С.Қожанұлы, М.Дулатұлы, А.Мәметұлы, Б.Майлыұлы сияқты қаламдары «Қазақта» шыңдалған, әр-қайсысы бір-бір тұлға арыстар еңбек еткен.

«Ақ жол» газетінің 1925 жылғы 4 наурызындағы санында жарияланған Жүсіпбек Аймауытовтың «Соп-соп!» әңгімесінде қазақ даласындағы шиеленіскен жағдай баяндалады. Сөзіміз дәлелді шығу үшін әңгімеден үзінді келтірейік.

– Таста соп-сопты!

– Немене?

– Кімнің егіні?

– Байдікі.

– Естіген жоқсың ба?

– Жоқ.

– Ана келе жатқан топты көрдің бе?

– Олар кім?

– Олар – төңкерісшілер.

– Оның кім, жаным – ау?

– Ол – өзіміздің кедейлер, батырақтар. Қаладан жолдастар келді. Кедейлерді жинап топ құрып жатыр. Орыстың да, қазақтың да байларын өкіртіп жерін, малын кедейге әперіп жатыр. Төңкеріс деген осы – деген қысқа диалогтың түп мағынасынан кедейді байдан кегіңді алып береміз деп, негізгі күш ретінде пайдаланған большевиктік идеяны көруге болады.

3 БЕТТЕ

CNN CNN CNN

РЕСЕЙ-УКРАИНА: СЕНБІДЕГІ СОҒЫС

Украина жеріндегі соғыс әлі де жалғасуда. Сенбідегі ақпарат бойынша Солтүстік Донецкіге толассыз оқ жауып, қаланың 90 проценті қирандыға айналған. Қаладағы қарулы қақтығыс пен Ресей мен Украина арасындағы соғыс туралы соңғы жаңалықтарды CNN арнасы сағат сайын жариялап, оқиға орнынан жедел хабар таратты. «Әбігер әлем» айдарында Украина жеріндегі ең үлкен қарулы қақтығыстың бірі сенбідегі соғыстың хронологиясын ұсынып отырмыз.

Украинаның шығысындағы Северодонецкіні қорғау мақсатында орын алған қақтығыстың әсерінен қаланың 90 проценті қираған. Бұл туралы сенбі күні таңертең Северодонецк әскери басқарманың басшысы Александр Стрюк хабарлады.

«Кеше қалаға кірер тұста қарулы қақтығыс басталды. Біздің әскерилер қалаға басып кірмек болған ресейлік әскерді тоқтатты. Қала қоршауға алынған жоқ. Бірақ қақтығыс әлі де жалғасуда. Азот химия зауыты артиллериялық атыс астында. Бейбіт тұрғындар мен кәсіпорын жұмысшылары арасында қаза тапқандар бар. Тұрғын үйлердің 90 проценті бүлінген, 60 процентін қалпына келтіру керек», – деді әскери басқарма басшысы радиоинтервьюде.

Осы уақытта Украина президенті Владимир Зеленский астық экспортының жартысына жуығы қазіргі уақытта кешіктіріліп жатқанын, өйткені Ресей елдің Қара және Азов теңіздері арқылы өтетін негізгі экспорттық жолдарын жабуды жалғастырып жатқанын айтып, жағдайды жаһандық азық-түлік қауіпсіздігі үшін ықтимал «апат» деп атады.

Жұма күні Индонезияның сыртқы саяси сараптама орталығының интернет-форумында Зеленский: «Бүгінде элеваторларда 22 миллион тонна астық сақтаулы тұр. Біз оларды қазіргі уақытта қажет жерге, яғни халықаралық нарықтарға жеткізе алмаймыз», – деді.

Украина президенті сондай-ақ БҰҰ-ның биыл тағы 50 миллион адам ашаршылыққа ұшырауы мүмкін деген болжамын «консервативті» деп бағалап, одан да көп адам зардап шегетінін алға тартты.

«Аштық жалғыз келмейді. Ол әрқашан жағдайды ушықтыратын, адамдардың өмірін қиындататын, қарапайым халық үшін қауіпті жағдай туғызатын саяси хаоспен бірге жүреді. Шілдеде, көптеген ел егін қоры таусылғанда апаттың шынымен келе жатқанын анық түсінеді», – деді ол.

Украина президенті қараша айында Индонезияда өтетін G20 саммитіне шақыртуды да қабыл алды. Ол саммитке «тек дос елдерді» қосуға шақырды. Яғни Ресейді Бали саммитінен шығару керектігін алға тартты.

Бұған дейін жұмадағы түні Зеленский Ресей соғыс қарқынын күшейткендіктен Донбассты Украинаға қайтаратынын мәлімдеді. Өз сөзінде Зеленский Донбастағы қазіргі жағдайды «өте қиын» деп бағалап, Ресейдің аймақтағы атыс күшін арттырғанын айтты.

«Сондықтан біз қорғанысты күшейтіп, қарсылықты арттыруымыз керек. Сонда Донбасс қайтадан украиндық болады. Ресей Донбассқа көп қайғы-қасірет әкелсе де біз әр қаланы, әр ауылды қалпына келтіреміз», – деді Зеленский.

Ал АҚШ-тың қорғаныс министрлігі Украинаға берген негізгі көмегінің бірі болып табылатын «Stinger» зымырандарын жабдықтау үшін жетекші қару мердігерімен 624 миллион долларлық келісім-шартқа отырды.

Жалпы «Stinger» зымырандары АҚШ-қа аса қажет болмағанымен, Украинаға соғыстың алғашқы күндерінен бастап кәдеге жарауда. Алыс қашықтыққа жетпегенімен, бұл зымырандар жерге жақын жердегі ұшақтар мен тікұшақтарды, дрондарды жаруға қауқарлы. Бұған дейін АҚШ көмек ретінде 1400 зымыран жіберген болатын.

Ресей басып алған Херсон облысы жақын маңдағы Украина аумақтарымен шекарасын жауып тастағанын сенбіде «РИА Новости» хабарлады.

Сондай-ақ Ресей президенті Владимир Путин келісім-шарт бойынша әскери қызметке келетін ресейліктер мен шетелдіктер үшін жастың жоғарғы шегін жою туралы заңға қол қойды. Бұған дейін әскерге 18-40 жас аралығындағы азаматтар мен 18-30 жас аралығындағы шетелдіктер шақырылатын. Заң жобасындағы түсіндірме жазбада дәлдігі жоғары қару-жарақ пен әскери техниканы қолдану үшін мамандар қажет екені және олардың 40-45 жаста тәжірибе жинақтайтыны атап көрсетілген. Бұл шектеуді алып тастап, «40 жастан жоғары азаматтар медицина, инженерия мен байланыс жүйесі саласында қызмет етеді», – деп түсіндірді шектеуді алып тастауды ұсынған мемлекеттік Думаның қорғаныс істері жөніндегі комитет басшысы Андрей Картаполов пен оның бірінші орынбасары Андрей Красов.

Сенбінің соңғы сағаттарында аймақтық әскери губернатор Ресей әскерлері Украинаның Харьков қаласындағы ауданды атқылағанын хабарлады.

Харьков облыстық әскери басқармасының басшысы Олег Синегубов соңғы тәулікте Харьков қаласының Киев ауданы ресейлік әскерлер оқ жаудырғанын, түнде Малая Даниловка маңына бірнеше снаряд түскенін, зардап шеккендер жоқ екенін айтты.

Сондай-ақ Германия мен Франция басшылары Путинмен телефон арқылы сөйлесіп, Ресей президентінен Украинадағы атысты тез арада тоқтатуды және елден ресейлік әскерлерді шығаруды талап етті. Бұл туралы Германияның ресми өкілдері хабарлады.

«Германия канцлері мен Франция президенті атысты тоқтатуға және ресейлік әскерді Украинадан шығаруға шақырды. Олар Ресей президентін Украина президентімен байыпты тікелей келіссөздер жүргізуге және қақтығысты дипломатиялық жолмен шешуге шақырды», – делінген Германия үкіметінің мәлімдемесінде.

Сонымен қатар екі көшбасшы Путинді жаһандық азық-түлік дағдарысын болдырмау үшін Қара теңіз арқылы украиндық астықты экспорттауға мүмкіндік беру үшін Одесса қоршауын алып тастауға шақырған.

4 БЕТТЕ

ЖЫЛУ ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҒЫ САЛЫНАДЫ

Жаз басталысымен қыстың қамын ойлау – қалыпты жағдай. Жылда бұл уақытта қалада жылу мен жарық мәселесі шешіліп, жолдың ақауы жөнделеді. Қызылорда облысында электр қуаты – 240 МВт болатын жылу электр орталығы салынбақ. Бұл туралы Сыр өңіріне іс-сапармен келген еліміздің Энергетика министрі Болат Ақшолақов мәлімдеді.

Бүгінде аймақтағы газдандыру деңгейі 66,5 процентті құрайды. Нәтижеінде 550,8 мың адам табиғи газбен қамтылып отыр. Газбен жабдықтау жөніндегі жобаларды іске асыру республикалық және жергілікті бюджет есебінен, сондай-ақ «ҚазақГаз» компаниясының қаражаты арқылы жүргізілуде. Қызылордада жиынтық қуаты – 89 МВт болатын 9 күн электр станциясы жұмыс істеп тұр. Дегенмен ол қызылордалық тұрғындарға аздық етуде. Сондықтан аймаққа электр қуаты – 240 МВт болатын жылу электр орталығын салу жоспарлануда. Жобаны іске асыруға құны – 215,1 млрд теңгені құрайды. Үстіміздегі жылы құрылысы басталып, 2025 жылы пайдалануға беріледі деп күтілуде. Бұл жоба іске асырылса, 700 млн кВт тапшылықты жоюға мүмкіндік болмақ.

2 БЕТТЕ

ХАЛЫҚ ҮНІ

ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫНДА СҰРАНЫС АЗАЙДЫ МА?

Ел бойынша құрылысшылар тұрғын үй нарығындағы дағдарысқа алаңдаулы. Бағаның негізсіз қымбаттауы құрылысшыларға оңай соқпасы анық. Тұрғын үй нарығында баға неге шарықтап кетті? Құрылысшылардың пікірінше, тұрғын үй құрылысының өзіндік құнының қымбаттауы бағаның өсуіне әкелген. Яғни құрылыс материалдарының қымбаттауы, қол еңбегінің қымбат болуы тұрғын үй нарығында бағаның шарықтауына әсер еткен. Ал құрылыс саласына жауапты мекемелер құрылыс материалдары бағасының қымбаттағанын, алайда құрылыс компаниялары дабыл қағатындай емес екенін алға тартады. Мәселен, Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми зерттеу және жобалау институтының мәліметінше, тұрғын үйдің өзіндік құнында арматураның үлесі – 8-10 процент, цементтің үлесі 4 проценттен аспайды. Өткен жылы құрылыс компаниялары құрылыс материалдарының қымбаттауын негізге ала отырып, тұрғын үй бағасын қайта қарауды ұсынған. Осы жылы Бәсекелестікті дамыту және қорғау агенттігі тұрғын үй нарығындағы бағаға мониторинг жүргізу нәтижесінде құрылыс компаниялары тарапынан бағаны негізсіз өсіру жағдайларын анықтап, тіпті кейбір құрылыс компанияларына тиісті шара қолданған.

Құрылысшылардың пікірінше, ипотекалық бағдарламалар да, зейнетақы қорындағы ақшаны тұрғын үй алуға жұмсау жайы да тұрғын үй бағасының өсуіне әсер ететін фактор емес. Сондықтан мемлекет тұрғын үй саласына қаражат салуды тоқтатпауы тиіс. Қазақстан құрылысшылар одағының төрағасы Талғат Ерғалиевтің пікірінше, зейнетақы қорындағы ақшаның бір бөлігін тұрғын үйге жұмсау бағаны қымбаттатуға әсер етпеген болу керек. Дегенмен дәл қазір зейнетақы қоры арқылы үй алу болмаса да құрылыс материалдары қымбаттау үстінде. Құрылысшылар одағы мерзімі аяқталып жатқан ипотекалық бағдарламаларды сақтап қалуды және мемлекеттік субсидиялау арқылы төмен пайыздағы ипотекалық бағдарламалар шыққанын қалайды. Бір сөзбен айтқанда, құрылыс компаниялары мемлекеттен төмен пайыздық несие бағдарламалары, субсидиялау, қаржылық қолдау секілді мемлекет қолдауын күтеді.

Соңғы бесжылдықта елдегі тұрғын үй нарығы сұраныс пен ұсынысқа толы болды. Ипотекалық бағдарламалар, мемлекеттік субсидиялау, зейнетақы қорындағы ақшаның тұрғын үй алуға бөлінуі тұрғын үйге сұранысты екі есеге арттырды. Мұнымен қоса баға да өсті. Сандарды сөйлетсек, 2017-2019 жылдары сату-сатып алу келісімшартының саны 2019-2021 жылдарда екі есеге өсті. Ал тұрғын үй бағысы 65 процентке өскен. 2022 жылдың көктемінен бастап ипотекалық бағдарламалар, зейнетақы қорындағы ақшаны тұрғын үй алуға жұмсау секілді қарқынды қозғалыс бәсең тартты. Құрылыс материалдарының қымбаттауы мен сұраныстың азаюы құрылыс компаниялары үшін оңайға соқпайтын тәрізді.

«Ақмешіт-ақпарат»

ТЕҢІЗБЕН ТАМЫРЛАС ТАҒДЫР

Іс-шарада Елубай Смағұл жазушының кесек болмысын және шығармаларындағы кейіпкерлердің мінезі мен ұстанымын жеткізудегі ерекше қолтаңбасын сөз етсе, Мырзан Кенжебай Әбдіжәміл Нұрпейісов шығармаларының терең мағынасы, өзекті сюжеттері мен аса шеберлікпен суреттелген кейіпкерлері болашақ оқырманның да жүрегінде әрқашан маңызды орын алатынын тебіреніспен жеткізді.

Жиында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессорлары Бағдат Кәрібозұлы мен Ғабит Тұяқбаев Сырдың дара перзентінің ел болашағы үшін еткен ерен еңбегі мен азаматтық тұлғасын саралады.

– Әбдіжәміл Нұрпейісов жасаған образдар әлемі де біздің рухани дүниемізді дамытып, тәрбиелеп келе жатқаны даусыз. Біздің олардан үйренгеніміз, тіпті

жиренгеніміз үшін де суреткерге қарыздармыз. Ойланыңқырап қарасақ, біз құралпы оқырмандар «Қан мен тердің» кейіпкерлерімен ержетсек, «Соңғы парыздың» кейіпкерлерімен есейіп келе жатырмыз. Таланттың қолынан шыққан құнды дүние – көркем шығарма болмысымызды бүтіндей түсіп, өміріңді түзу өткізуге бағыт-бағдар беретін бағдаршам іспеттес болады екен. Даусыз шындық – оқырмандардың ойын онға, санасын санға бөлетін, сөйтіп рухын тазалайтын, жанын жадырататын Әбдіжәміл Нұрпейісовтің көркем шығармалары да осындай санаулы дүниелердің қатарында, – деді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бағдат Кәрібозұлы.

Келелі конференцияда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры Ұлжан Жанбершиева жазушы шығармаларының халық өмірімен қалай астасып жатқанын ашып көрсетті.

– Әбдіжәміл Нұрпейісов «Қан мен тер» трилогиясында ұлттық сезімді жоғары қояды. Халықтың тағдыры бас кейіпкердің атынан шебер беріледі. Қарыз бен парыз, ар мен ұят, еңбексүйгіштік пен жалқаулық арасындағы арпалыста адамның жан азабы, сергелдеңге түсуі, кейіпкерлердің күйзелісін терең психологизм арқылы бейнелейді. Адам характерін жасау жолында психологизмді меңгере, шеберлікпен сәтті пайдаланған. Оның психологиялық табыстары ерекше таланты мен суреткерлік дарынын танытатыны сөзсіз, – деді Ұлжан Жанбершиева.

А.БАЙ

Басы 1-бетте

ХАЛЫҚ ҮНІ

ЕЛДЕН СҰРАҚ, ӘКІМНЕН ЖАУАП

1

Ауыл тұрғындары үшін қоғамдық көлік мәселесі әлі де шешілмей келеді. Ауылға үлкен сыйымдылықты автобус қашан беріледі?

Қосшыңырау ауылдық округіне қарасты Абай және Досан елді мекендері бойынша қоғамдық көлік қатынасы үздіксіз жұмыс істеп келеді. Орта сыйымдылықтағы қоғамдық көліктер жұмыс күндері сағат сайын таңғы 7-00 ден кешкі 19-00 ге дейін он төрт рет, ал сенбі, жексенбі күндері екі сағат сайын 7 рет жолаушыларды тасымалдау қызметін көрсетуде.

Қазіргі таңда тұрғындардың сұранысына сәйкес, тасымалдау қызметіне үлкен сыйымдылықтағы қоғамдық көліктерді қосу жөнінде құзырлы мекемеге ұсыныс берілді.

2

Ауыл тұрғындарының арманы – көгілдір отынға қол жеткізу. Бұл қашан жүзеге асады?

Ауылдық округі көгілдір отынмен қамтамасыз ету – өзекті мәселенің бірі. Бұл мақсатта жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуге бюджеттен 11 млн 688 мың теңге қаржы қаралып, қазіргі таңда толық құжаттары дайындалды. Құрылыс жұмыстарына қажетті қаржы 665 млн теңгені құрады. Аталған қаржыны бөлу жөнінде жоғарғы тұрған құзырлы мекемелерге бюджеттік өтінім өткізілді.

3

Мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілгелі жатыр. Оған қанша қаржы бөлінеді? Мердігер компания кім? Сенімді ме?

Абай ауылында орналасқан № 138 орта мектеп 1987 жылы пайдалануға берілген. Аталған білім ордасына бүгінгі күнге дейін күрделі жөндеу жүргізілмеген. Осы мақсатта биыл күрделі жөндеуге бюджеттен 584 млн 895 мың теңге қаржы қаралды.

Бүгінгі таңда мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде.

4

Тұрғындар үшін жарық өзекті мәселеге айналып тұр. Екі күннің бірінде жарықсыз отырамыз. Осы мәселенің көтерілгенніне қаншама жыл болды. Бірақ әкімшілік тарапынан нәтижелі жұмысты көре алмаудамыз. Подстанцияны жаңарту жоспарда бар ма?

Округке қарасты Абай ауылында 2020 жылы қосымша бір трансформатор орналастырылып, электр қуаты талапқа сай беріліп, мәселе шешімін тапқан болатын.

Ал Досан елді мекеніндегі жаңа қоныс аумағындағы 23 көшеге талапқа сай электр бағаналары мен қосалқы электр станцияларын орнатуды қажет етеді. Осы мақсатта жоба-сметалық құжаттарын әзірлеу үшін қалалық бюджеттен – 10 млн теңге бөлініп, бүгінгі таңда бұл құжаттар әзірленуде.

Өз кезегінде жоба-сметалық құжаттары толық дайын болса, құрылысына қажетті қаржыны бөлу жөнінде құзырлы мекемелерге ұсыныс берілетін болады.

Дегенмен, бүгінгі таңда Досан ауылына электр қуаты үздіксіз берілуде.

5

Ауылдағы бірнеше көше жарықпен қамтылған. Ендігі жарықтандыру қай көшеге жүргізіледі?

Елді мекеннің көшелерін жарықтандыру жұмыстары жыл сайын атқарылып келеді. 2022 жылға Абай ауылындағы «Сиыр фермасына» баратын жолға және Досан ауылындағы 17-ші көшеге жарықтандыру жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

6

«Балалар жылына» орай ауылда қандай жұмыстар жүзеге асуда?

Бүгінгі таңда Абай ауылындағы мәдениет үйінде 7 үйірме жұмыс жасауда. Оның ішінде «Балалар жылы» аясында «Ән шырқайық», «Қыл қалам», «Сөз маржан» және «Ай жұлдыз» атты үйірмелер қосымша ашылып, 300 бала қатысуда.

«Балалар» жылына орай алдағы 1 Маусым – халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Сәбидің күлкісі – әлемнің сыңғыры» атты мерекелік шара өткізу жоспарлануда.

Бұдан бөлек, балалардың жазғы демалысын тиімді өткізу мақсатында жазғы тыныңу лагері балаларының арасында спорттық ойындардан жарыс, сонымен қатар, балаларға арналған отандық кинофильмдер көрсетілімі ұйымдастырылатын болады.

P.S. Өз ауылыңыздың әкіміне қояр сауалыңыз болса «Ақмешіт апталығы» газеті редакциясына хабарласыңыз.

Телефон: 8 (7242) 40 11 10.
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Басы 1-бетте

ЖЫЛУ ӘЛЕКТР ОРТАЛЫҒЫ САЛЫНАДЫ

– Сыр өңірі – мұнай өндіру көлемі бойынша 5-ші өндіруші аймақ. Еліміз бойынша мұнай өндіру үлесі 6,14 процентті құрайды. Өткен жылы мұнай өндіру көлемі – 4,3 млн тонна болса, жыл басынан бері 1,4 млн тонна өндірілді. Аймақта игеріліп жатқан кен орындарының басым бөлігінде мұнай өндірудің табиғи төмендеуі байқалады. Өңірлерді табиғи газбен қамтамасыз ету бағытында былтыр Энергетика министрлігінің бюджеттік бағдарламасы аясында 4 жоба жүзеге асырылды. Аталған жоба арқылы 3 елді мекен немесе 24 мың адам табиғи газға қол жеткізді. Биыл жалғасатын 1 жоба мен 6 жаңа жобаны қаржыландыру үшін республикалық бюджеттен газдандыруға 3,7 млрд теңге мөлшерде қаражат көзделген. Осыған орай Бірлік және Қыраш елді мекендерін газдандыру бойынша 1 жоба аяқталады. Сондай-ақ Төретам және Ақай елді мекендері мен Сексеуіл, Махамбет және Наурыз кенттерін газдандыру бойынша қалған жобалар 2023 жылға ауысатын болады, – деді ҚР Энергетика министрі Болат Ақшолақов.

Қазіргі кезде қаладағы орталықтандырылған жылумен жабдықтау мекемелерінде 20 аудандық қазандық жылу энергиясын береді. Станцияның негізгі жабдықтарының 82 проценті тозған. Ал облыстағы «Қызылорда» Өңірлік электр желілік компаниясында» 10 056 км кабель және әуе электр беру желілері арқылы жұмыс істейді. Мұнда электр желілерінің 69 проценті ескірген. Себебі электр стансасы 1964 жылы салынған. Ал жаңасы 2005 жылы қолданысқа берілді. Жасыратын несі бар, тозығы жеткен қондырғының пайдасынан шығыны көп. Мәселен, табыстың 60 проценті «көгілдір отынға» жұмсалған шығынды төлеуге кетеді. Ескі қондырғы жаңасына қарағанда газды көбірек жейді. Сондықтан 30 проценттен артық электр қуатын өндіруге ешқандай мүмкіндік жоқ. Оның өзін тұрақты ұстап тұру да үлкен күш. Өйткені ескі алты турбинаның 1992 жылы біреуі жаңартылып, олардан қазір сол ғана жұмыс істеп тұр. Сондай-ақ 2005 жылы салынған үш турбина бар. Оның екеуі іске қосылып, біреуі күрделі жөндеуден өткізілуде. Бүгінде қала бойынша – «Энергосервис», облыс көлемінде – «Шиелі Жарығы» және «Дәулетэнерго» ұйымдары сапалы электр энергиясын жеткізуде. Министрдің айтуынша, Энергетика министрлігі газдың шекті көтерме бағасын, ал соңғы бағасын Ұлттық экономика министрлігі бекітетінін атап өтті. Өзіндік құн мен бекітілген көтерме баға арасындағы айырманы газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор субсидиялайды.

Атай кету керек, қазір өңірде 19 газ желісі ұйымы және 151 автомобильге газ құю станциясы бар. Облыста сұйылтылған мұнай газын тұтыну 2021 жылы 90 мың тоннаны құрады. Осы жылдың қаңтар-сәуір айларында шамамен 25 мың тонна тұтынылды. Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің бұйрығына сәйкес өңірде сұйылтылған мұнай газының шекті бөлшек сауда бағасы литріне 60 теңгені құрайды. Сондай-ақ Болат Ақшолақов көктемгі дала жұмыстарын жүргізу үшін Қызылорда облысының шаруаларына 11,7 мың тонна отын бөлінгенін атап өтті.

Ақмарал ОЛЖАБАЕВА

Басы 1-бетте

Журналист Сағитжан Бермағанбетов атындағы байқау туралы ЕРЕЖЕ

Жалпы ереже

1. Журналист Сағитжан Бермағанбетов атындағы сыйлықты иеленушілерге арналған «Ең үздік жас журналист» байқауы облыстық деңгейде ұйымдастырылады.

2. Байқаудың үйлестірушісі және ұйымдастырушысы «Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасы» КММ.

Байқаудың мақсаты

3. Жас журналистердің шығармашылығының дамуына қолдау көрсету.

4. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту.

Байқау төмендегі тақырыптар бойынша қабылданады.

1) «Жаңа Қазақстан» сөзінің мағынасын ашу.

2) Заманауи медиа және бүгінгі журналистиканың келбеті.

3) Тамыры терең, тарихы кенен – Сыр елі.

Материал бағытын өзгертпестен тақырыбын өзгертуге болады.

Байқауды ұйымдастыру және оған қатысушыларға қойылатын талаптар

5. Байқауды ұйымдастырып, өткізу мақсатында Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасы жанынан комиссия құрылады. Комиссия құрамын Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы бекітеді.

6. Байқау 2022 жылғы 28 мамыр мен 20 маусым аралығында жарық көрген жарияланымдарды, эфирден өткен хабарларды қамтиды.

7. Байқауға жасы 30-ға дейінгі бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істейтін

тілшілер мен тәуелсіз қаламгерлер қатыса алады.

8. Байқау материалдарды жарияланған күйінде (газет-журналдар беттерінде, бейне және аудиотаспалар түрінде, интернет-ресурстарда) тиісті баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдары жетекшілерінің ұсынысы бойынша қабылданады.

9. Байқау материалдарын сараптау барысында тақырыптың өзектілігі және маңызы, мазмұнның ашылу тереңдігі, шынайылығы, жанрлық шарттарға сәйкестігі, жаңа әдістерді қолданысқа енгізе білуі, тілі және стилінің ұғынықтылығы, журналистік шығармашылық әдістерінің ерекшелігі, тың ақпаратты сараптау мен зерттеу әдістерін енгізе білу ерекшелігі, ұтымды қолдана білуі есепке алынады.

10. Байқауға қатысушылар комиссия хатшысына (Қызылорда қаласы, С.Бейбарыс көшесі №1, Қызылорда облысы әкімдігі ғимаратының №313-бөлмесі, байланыс телефондары: 8 (7242) 60-53-21 мынадай құжаттарды қоса жібереді:

1) Төмендегі деректер көрсетілген өтініш:

- автор туралы мағлұматтар /туған жері, күні, айы, жылы;

- жұмыс немесе оқу орны, қызметі, тұрғылықты мекен-жайы, байланыс құралдары және 3х4 суреті.

2) байқау материалы жарияланған газет, журналдың көшірмелері (сканер арқылы), теле-радио бағдарламалардың DVD, CD форматындағы дискілерге жазылған нұсқасы (қағазға түсірілген нұсқасымен бірге), интернет ресурс сілтемелері (скриншоттарымен бірге).

11. Байқауға жіберілген материалдар авторларға қайтарылмайды.

12. Байқауға ұсынылған материалдарды қазылар алқасы бағалайды.

Байқауды өткізу және қорытындысын шығару тәртібі

13. Байқау үш кезеңнен тұрады.

1) 2022 жылғы 28 мамырдан 20 маусымға дейін – байқауға қатысушылардан материалдар қабылдау.

2) 2022 жылғы 21 маусымнан 23 маусымға дейін-материалдарды сараптау және жеңімпаздарды анықтау.

3) 2022 жылғы маусым айының соңғы аптасы-байқау жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі.

14. Байқау жеңімпаздары Қызылорда облысы әкімдігінің дипломымен және сыйлықтарымен марапатталады.

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫНА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ ЖАЛҒАСУДА

Конкурсқа қатысуға еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері жоғары отбасылар жіберіледі.

1) Қызметі Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған ұйымдардың құрамына кіретін (кірген) мүшелері бар;

2) бұрын сотталған мүшелері бар отбасылар конкурсқа қатыса алмайды.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар тізімі:

1) ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке басын куәландыратын

құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;

2) асырап алушы (қорғаншы) отбасылар үшін – жергілікті уәкілетті органның кәмелетке толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінен үзінді көшірме;

3) неке қию туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);

4) Ата-аналарының біреуі қайтыс болған жағдайда, қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі- бар болса;

5) Балаларды тәрбиеленгені үшін алған көтермелеулердің, белгілі бір жетістіктері үшін алған көтермелеулердің бар екенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

6) балалардың, ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жұмыс (оқу) орнынан анықтамалар және мінездемелер;

7) ұсынымдар (әріптестерінің, көршілерінің, достарының);

8) отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына құжаттар 2022 жылдың 27 сәуір - 31 мамыр аралығында қалалық ішкі саясат бөлімінде қабылданады.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі №16 үй (қала әкімдігінің ғимараты), 303 - кабинет, байланыс телефоны: 26-35-62.

Кеңес үкіметі орнаған тұста елді коллективтендіру, отырықшылдандыру саясаты жүрді. Бұл көшпелі тұрмыс салтын ұстанатын қазақ үшін оңай шаруа болмады. Ен даланы ендей жайлап, кең даланың байтағын көзбен шолып, атпен шауып өтетін алаш баласына бұл саясат тиімсіз еді. Салдары да оңай болмады. Ақыры, халық аштыққа ұшырады. Бұл 1921-1922 жылдар еді. Ұлы даланы мекен еткен жұрт бір үзім нанға зар болатын күйге жетті. 1922 жылдың 9 наурызындағы санында «Ақ жол» газетінің бетінде Бейімбет Майлиннің қазақ халқын отырықшыландырып жатқан кездегі аштыққа ұшыраған күйін баяндайтын «Нан» атты өлеңі басылды.

«Осы күні кеудеде
Шықпаған жүр жан.
Тілек не бар пендеде:
Нан, нан, нан...» деп басталатын өлеңі жұрттың бәрі нан сұрап жалынды, аштан өлтірме деп, ғибадат қылып сәждеге жығылып Құдайдан тіледі секілді ашы шындыққа толы өз заманының бейнебір көрінісін суреттегендей әсер қалдырады.

Сол кезде «Совесткая степь», «Еңбекші қазақ» (кейіннен «Социалды Қазақстан» атанды) газеттерінде Голощекиннің ауылдарды кеңестендіруге негізделген «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген сөзі ұран болып басылып жатты. Сол шақта партияның органы болған аймақтық, өңірлік, аудандық басылымдарда да осы сөз ұран болған. Мұны жасырып қайтеміз. Бірақ қалам ұстаған қауым өз қарсылықтарын білдіріп, елдің күйін ашына жеткізіп жатты.

1932 жылдардағы аштық қарсаңында қазақтың саны 7 миллионнан асқан екен. Ал зұлматтан кейін ұлы даланы мекендеген халық 2 миллионға да жетпей қалған. Елдің мүшкіл халін, ауыр тұрмысын жоғарыға жеткізбек болып Ғ.Ысқақов, І.Қабылов, Ж.Арыстанов, Ғ.Тоғжанов, Б.Айбасов, О.Жандосов сынды зиялылар «Алтаудың хаты» деген атпен 1933 жылдың 24 ақпанында Сталинге хат та жазды. Осы жердегі Қабылов Жалағаштың тумасы, жерлесіміз Ілияс Қабылов екенін айта кеткен жөн. Бұдан бөлек тарихта «Бесеудің хаты» деген де бар. 1932 жылдың 4 шілдесінде БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Ф.И.Голощекинге жазушы Ғабит Мүсірепов, Алматы Комвузының басшы қызметкері

САЯСИ РЕПРЕССИЯ МЕН АШАРШЫЛЫҚ ТАҚЫРЫБЫНЫҢ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Елдің мұңын осылай ашық айтатын басылым 1925 жылы кеңестік үкіметтің пәрменімен жабылған.

Зерттеушілердің деректеріне сүйенсек, 1927-1953 жылдары Қазақстан бойынша 125 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшыраған. Олардың 25 мыңы атылды. Осы қуғын-сүргін жылдарында бүкіл елде 953 лагерь болған. Қазақстанда ГУЛаг-тың 20-дан астам лагері орналасқан екен.

Қазақта Хангелді Әбжанов деген ұлттың бағына біткен тарихшы бар. Көп адамның айта алмайтынын айтып, жеткізе алмайтынын жеткізген нар тұлға. Сол кісі: «Социалистік режимнің екі үлкен күнәсін кешіруге болмайды: бірі – ашаршылық, енді бірі – қуғын-сүргін», – дейді.

1925 жылы Қазақстан өлкелік партия комитетінің І хатшысы болып келген Ф.Голощекин республиканың саясі-экономикалық және әлеуметтік жағдайымен танысқаннан кейін «Қазақстанға Ұлы Қазан төңкерісінің ешқандай ықпалы болмады, сондықтан мұнда «Кіші Қазан» төңкерісін жасау керек» деген қорытынды шығарған. Осылайша Қазақ даласында репрессиялық шараларды жүргізе бастайды. Оның жымысқы мақсатты көздеген құйтұрқы саясаты қазақ халқын өте ауыр қасіретке душар етті.

Ембергін Алтынбеков, Қазақ АКСР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының сектор бастығы Қадыр Қуанышев, Қазақ мемлекеттік баспа ісінің меңгерушісі Мәнсүр Ғатаулин және Мұташ Дәулетқалиев бесеуі хат жазып, республикадағы мал шаруашылығының күйрегендігінен елді алапат ашаршылық жайлағанын айтып дабыл қаққан. Бұл хат негізінен Сталинге жазылған, бірақ бізге белгісіз себептермен Голощекиннің қолына тиген. Тарихи хат авторының бірі Мәнсүр Ғатаулин Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газетінің алғашқы редакторларының бірі болғанын көпшілік біле бермейді. Бұл тарихи дерек «Сыр журналистикасының тарихы» атты бес томдық еңбек жазылып жатқанда белгілі болды. Анығын айтқанда, Мәскеу мұрағатынан 1929 жылы шыққан «Сыр бойы» газетінің алғашқы нөмірлері табылды. «Сыр бойының» сарғайған парақтарын ақтарып қарағанда төртінші санына М.Ғатаулиннің есімі шығарушы редактордың орынбасары ретінде көрсетілген. «Бесеудің хаты» жазылғаннан кейін барлығы да қуғынға ұшыраған. Бұлардың ішінде тек Ғатаулиннің ғана ату жазасына кесілгеніне қарағанда ол бар кінәні өз мойнына алған секілді. Оған баспагер, журналист бола жүріп, саяси істерге араласқан Мәнсүр Тиятұлы Ғатаулиннің өз сөзін дәлел етейік. Қайраткер ату жазасына кесіліп бара жатып: «Бұлардың еш жазығы жоқ. Мен – жаумын. Мені соттаңдар, жалғыз өзімді. Бірақ мен де халық жауы емеспін, мен – өз халқымның жауының жауымын» деп айтқан. Бұл оқиғаға Шерхан Мұртаза «Бесеудің хаты» атты трагедиялық драмада да тоқталған. Мәнсүр Ғатаулин Батыс Қазақстан облысында туып, кейін Қарағанды, Қызылорда өлкелік партия комитеттерінде бірінші хатшы болған. Партия органы болған «Сыр бойына» Қызылордада партия комитетінде қызмет атқарған кезде редактор болғанға ұқсайды. Ол НКВД-ның Алматыдағы түрмесінде атылып, мүрдесі Алматы облысы Жаңалық ауылына апарып көмілген.

Алаштың арыс азаматтары не істесе де аштықты тоқтата алмады. Аштықтың бүкіл қазақ даласын жайлағаны соншалық, ел үдере көшіп, көрші мемлекеттерге баруға мәжбүр болған. Аштықтан, күшпен, зорлықпен тәркілеуден зәрезап болған халық шет елге өтіп, босқынға айналды. Қытай асты, ішкі Ресейге өтті, тіпті бейтаныс жанға көршісінің қайда тұратынын айтпайтын өзбектің жеріне де барды.

Бұл нәубет аз болғандай енді репрессия деген шықты. 1937-1938 жылдары халқымыздың зиялы азаматтары – Шәкәрім қажы, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов сияқты басқа да Алаш арыстары, Сәкен Сейфуллин, Тұрар Рысқұлов, Ораз Исаев, Ораз Жандосов, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров сынды арыстар, ақын-жазушылар мен қоғам қайраткерлері, тағы басқа елім деп еңбек еткен небір есіл ерлер саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды.

Арыстарымыз бірін-бірі ақтауға тырысып-ақ бақты. Алайда қазақ интеллегенциясын әдейілеп жоюды көздеген үкімет оларды бірінен соң бірін тұтқындауға көшкен еді. Бейімбет Майлин тұтқындалғанда Ғабит Мүсірепов «Бейімбет жау болса, менде жаумын» деп Бейімбеттей азаматты ашықтан ашық қорғауға көшеді. Ғалым Тұрсынбек Кәкішевтің «Ескірмейді естелік» атты еңбегінде Мирзоянның Ғабит Ғабит Мүсіреповке тірейді. Келесі күні, яғни 1937 жылдың 16 қазанында "Ленинші жас" газетіне де осы сарындас мақала басылған.

Ақиқатты жасырып қайтеміз, кеңестік кезеңде «ақ» дегені алғыс, «қара» дегені қарғыс болған Мәскеуге бас көтеруге ешкім дәті шыдап бара бермеді. Дегенмен табанды тартыстың арқасында жалған жаланың құрбаны болғандар ішінара ақталып жатты. Олардың қатарында біз айтып өткен Мәнсүр Ғатаулин мен Бейімбет Майлин де бар.

Кезінде алаш арыстарының әдеби мұраларын зерттеумен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің арнайы комиссиясы айналысқан болатын. Бұл 1980-ші жылдардың аяғы еді. Комиссияны белгілі қоғам қайраткері, академик Жабайхан Әбділдин басқарған. Қаламгер Жарасбай Сүлейменов Жабайхан ағадан сұхбат алып, жалған жаланың құрбаны болған зиялыларды ақтау жұмыстарының қалай жүргенін республикалық «Егемен Қазақстан» газетіне жариялады. Осы сұхбатта 1988 жылы ресми түрде бірінші болып Шәкәрім Құдайбердіұлының ақталғаны баяндалады. Ары қарай басқаларын да ресми түрде ақтауға көшеді. Тәуелсіздік алған соң 1993 жылдың 14 сәуірінде жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы заң қабылданды. 1997 жылы 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні болып жарияланды. Содан бері әрбір атқарылған іс, ақталған адам жайлы деректер баспа бетін көріп отырды. Кезінде оқуға тыйым салынған Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев секілді тау тұлғалы жандардың туындылары том-том кітап болып басылды. Архив қойнауында жатқан талай құжат ашылып, талай дерек айтылды. Осы күні елдегі барлық аудандық, қалалық, облыстық, аймақтық, республикалық басылымдарда, телеарналар мен радиоларда саяси репрессия мен ашаршылық тақырыбын қаузайтын арнайы мақалалар мен сюжеттер, деректі фильмдер беріледі. Бірақ мұның барлығы аздық етеді. Сол себепті де саяси репрессия мен ашаршылықты бүкіл әлем елдері толықтай ұлтқа жасалған геноцид деп мойындамайынша, мойындап қана қоймай БҰҰ арнайы қарар қабылдап, оған кім кінәлі екені дүниежүзіне айтылмайынша лайықты бағасын алды дей алмаймыз.

Ел басына нәубет туып, ердің еңсесін езген замананың зұлматын көзбен көргенде қабырғасы қайысып, қаламын көз жасымен суарған қазақ баспасөзі, міне, арада ғасырлар алмасқан бүгінгідей уақыт көшінде әлі де шешімін таппаған тарихи зауал сауалына жауап ала алмай келе жатқаны өкінішті. Ашаршылық пен қуғын-сүргін құрбандарына саяси баға бере алдық па деген сауалдың өзін қойып келе жатқанымызға міне, 25 жылдың жүзі болды. Қазақ идеологиясының жоқшысы болған қара нардай қазақ баспасөзінің белі қайыспай көтеріп келе жатқан бір тақырыбы да осы – ашаршылық, қамыт заманның құрбандығы болған қайран ерлер. Ел бар да ер жоқтаусыз қалмайды деген осы да.

Әзиз БАТЫРБЕКОВ

Басы 1-бетте

Мүсіреповке келіп Сәкен Сейфуллин мен Ілияс Жансүгіровтің ұсталып, түрмеге қамалғанын ендігі кезекте Бейімбет Майлиннің тұтқындалатынын айтқаны жазылған.

"Бейімбет ұсталардан бір-екі күн бұрын Мирзоян маған: "Сәкен мен Ілияс ұсталып кетті. Енді, міне, Бейімбет те ұсталайын деп отыр. Материал көп…" деп қынжыла айтты. Сонда мен Мирзояннан: "Онда мына фильмді қайтеміз?"– деп сұрадым… "Түсіре берсін фильмді. Бір амалы табылар, ол фильм керек қой",– деді ол. Мына фильм деп отырғаны «Амангелді» кинокартинасы еді.

Деректерге сүйенсек, 1937 жылдың 1 қазанында партия жиналысында Бейімбет Майлин мәселесі қаралған. Сол жылдың 6 қазанында «Амангелді» фильмін түсіру жұмыстары толық аяқталып, Бейімбет қамауға алынған. Екі күннен кейін, яғни 8 қазанда Одақта тағы партия жиналысы өтіп, онда Б.Майлинді партиядан шығару мәселесі қаралған. Осы жиында қабылданған қаулы Президенттің мұрағат қорында сақтаулы. Жиналыста Б.Майлинді «халық жауы» деп тауып, партия мүшелігінен шығарған. Мүсірепов осы жиында Майлинді барынша қорғайды. Бірақ жаптым жала принципін ұстанғандар ақыры өз дегендеріне жетеді. Араға үш күн салып "Казахстанская правда" газетінде Ғабит Мүсіреповті сынға алған мақала жарияланды. "В партийной организации Союза писателей" атты мақалада: "Писатель коммунист Габит Мусрепов, бывший в то время заведующий культпросвет отделом ЦК КП(б)К, бил себя в грудь, заверяя тогда партийную группу правления Союза советских писателей Казахстана в том, что он несет полную ответственность и вручается за политическую благонадежность своего соавтора Беимбета Майлина",– деп бір шүйіліп алады да, ол "халық жауларын" қорғап келді деп сынайды. Ал "Қазақ әдебиеті" газетінде 1937 жылдың 15 қазанында "Халық жауларының жетегіндегі жазушы" деген тақырыппен елді елең еткізген мақала шығады. Мұнда: "Ғ.Мүсірепов халық жауы Майлиннің жан аяспас досы. Онымен қойындасып, құшақтасып, бірге тұрып, бірге жүрген адам. Сондықтан да Мүсірепов халық жауы Майлинді қанатының астына алып, қорғап келді. Майлиннің бұрын Алашорданың офицері болғаны, Совет өкіметіне қарсы күрескені, большевиктерге оқ атқаны, шығармаларындағы контрреволюциялық тұжырымдамалары жайында Жазушылар ұйымының жанындағы партия ұйымы мәселені дер кезінде көтерсе де, Мүсірепов өзінің қызмет орнын пайдаланып… Майлинді қалайда аман алып қалуға тырысты. Соңғы кезге дейін ашықтан-ашық сүйеп келеді",– деп таяқтың ұшын

ҚАСІРЕТТІ ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Қазақ ұлты қасіретті аз шекпеді. Саяси репрессия жылдары Қазақстанда 100 мыңнан аса адам қуғын-сүргінге ұшыраған болса, 25 мың адам ату жазасына кесілген. Зұлмат заманда солақай саясаттың құрбаны болған боздақтарды жас ұрпақ есінде мәңгілік қалдыру мақсатында 31 мамыр қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні болып белгіленді. Арыстарымыз атылып, тектілер тентіреген тауқыметке толы кезең бүгінде тарих қойнауында қалды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығына сәйкес қазір елімізде саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі өңірлік комиссиялар жұмыс жүргізуде. Осы орайда облыс бойынша солақай саясаттың құрбаны болған боздақтарды ақтап алу үшін зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүрген комиссия мүшесі, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы Бақытжан Ахметбекті әңгімеге тартқан едік.

– Бақытжан Мұқарамұлы, саяси қуғын-сүргінді толық ақтау жөніндегі комиссияның зерттеу-зерделеу жұмыстары қалай жүріп жатыр?

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жаппай қуғынға ұшыраған саяси құрбандарын ақтау жөнінде шешім қабылдап, тапсырма берді. Осы бағытта әр аймақта өңірлік комиссия құрылды. Біздің облыстан құрылған жұмысшы топ Сыр бойында 1930-1953 жылдары репрессияға ұшыраған адамдарды қайтадан ақтау жөнінде зерттеу жұмыстарымен айналысады. Зерттеулерге жүгініп мен 72 адамды ақтауға ұсындым. Біз «Түркістан легионы» құрамында болған ақталмағандардың істерін және Сыр бойынан жер аударылғандардың, Қызылорда облысына өзге республикалардан жер аударылып келгендердің істерін қараудамыз. 2020 жылға дейін 2 мыңнан астам адамның ақталғаны туралы мәліметтерді архивтен кездестірдім. Архив қағаздарынан ұсталған 17 бай кісінің есімін таптым. Бұлардың барлығы сотталады. Алайда аман-сау келмейді. Қолға түскен жандардың барлығын, ұрпақтарын атып тастайды. Қызылорда қаласы және Қазалы ауданы орталықтарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының жаппай жерленген жерлеріне экспедиция жұмыстары жүргізілді

– Зұлмат күндердің зобалаңында қанша қазақ құрбан болды? Әркім әртүрлі дерек келтіріп жүр. Зерттеу кезінде қандай мәліметтер кезікті?

– 1929-1937 жылдар аралығы – қазақ үшін қасіретті кезең болғаны белгілі. Тоталитарлық жүйенің теріс ықпалының әсерінен солақай саясат қолдан жасалды. Саяси қуғын-сүргін халықты қан жылатты. Қазақ зиялыларының тағдырына ауыр соққылар Голощекиннің 1925 жылы Қазақстан өлкелік партия комитетіне келуімен басталды. 1929-1931 жылдары ұлт зиялыларын қуғын-сүргінге ұшыратқан репрессияның бірінші толқыны ұйымдастырды. 1932 жылы болған жаппай ашаршылықтан қаншама қазақ көз жұмды. Сол кезеңде қазақ жерінде 103 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырады. Дерек бойынша 25 мыңнан астам адам ату жазасына кесілді. Яғни, 1930-53 жылдары қазақтың 40 проценті қаза тапты.

– Сыр өңірінде болған көтеріліс жайлы айтып өтсеңіз. Қуғын-сүргінге ұшыраған жерлестеріміз жөнінде қандай деректер анықталды?

– Өз пікірін білдіріп, мемлекетке қарсы шыққан қайраткерлер қатарында сырбойылықтар болғаны да ақиқат. Көтеріліс бастаушылардың арасында белгілі әулет Сығай Алтын Созақбай батырдың баласы Қашақ мерген болған. Кейін ол ұсталып, 5 жылға бас бостандығынан айырылады. Сығай Алтын руынан шыққан Әбдіраман мерген де сонда болған. Бұл кісі қолға түскеннен кейін Қарауылтөбе ауылының маңайында атылады.

1930 жылы Қармақшы және Тереңөзек аудандарының жерінде молда Жұмағазы хан мен Қожбан батыр көтеріліске шығып, оны басқарады. Олар Қарақұмда жиналып, кеңестік жүйеге қарсы екендіктерін ашық жеткізеді. Осыдан кейін халықты жазалау басталады. Тергеу ісі бойынша 400-ден аса адам қамауға алынғаны туралы дерек бар. Оның ішінде 118 адам ату жазасына кесілген. 108 адам бас бостандығынан айырылып, әртүрлі концлагерьге жіберілген.

– Егер ұлы адамдар қуғын-сүргінге ұшырамаса не болар еді. Зерттеу жұмыстары нәтижесінде қандай қорытынды жасауға болады?

– Қазақтың мінезі – қазақтың руханияты. Әр қазақ ойын еркін айтатын болған. Елі үшін күрескен. Қазіргі таңда көбі ойын еркін айтуға қорқады. Ол кездегі аталарымыз елім деп батырлық танытты. Атып тастайтынын білсе де қайсар мінез көрсетті. Бізде санасына сіңген үрейден әлі арылмаған адамдар бар. Олар ата-бабасын халық жауы деп ойлайды. Турасын айтқанда олар нағыз қазақтың батырлары.

– Репрессияға ұшыраған халық жауы саналғаны белгілі. Жазықсыз сотталғандарға қатысты тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жұмыстары басталды. Бұл үдеріс қалай жүруде?

– Ел басына түскен қиындықтарға қарсы қаймықпай, білек түре еңбек етіп жатқан халқымыздың біртуар азаматтарына да ұлтшылдықтың қамыты киіліп, «халық жауы» атанып, айдалып кете барды. Бұл сол кездегі қоғамның қатыгез басшысы И.В.Сталиннің жандайшабы Л.Берияның қолындағы ішкі істер халкомының жазалау шаралары еді. Бұл тұста да қоғамның қаймағы дерлік, белгілі зиялы қауым өкілдерінен жазықсыз жапа шекпеген жан қалмады. Тіпті шалғай ауылдардағы шаруа баққан, екі әріптің басын қоса алмайтын сауатсыз, қарапайым адамдардың өзі осынау қатыгез кезеңнің құрбаны болғанын аңғаруға болады. Зерттеу кезінде ғалымдарымыздың, тарихшыларымыздың жазған мәліметтерін қолданамыз. Ол кезде ұрып-соғып, зорлықпен қол қойдырып, «анау жапонның тыңшысы», «мынау немістің тыңшысы» дегізіп, жала жапттырған. Бірақ соның өзі құпия. Әлі құпиялылығы зерттеліп жатыр. Сол құпияны ашық, қолжетімді ақпаратқа айналдыру мақсатында жұмыс істеудеміз. Халықты қорқытып, үркітіп тастаған. Ұрпақтар ата-бабам жау деп өсті. Соны біз ақтауға тиістіміз. Сыр бойынан басқа жаққа жер аударылған қазақтардың құжаттары табылмай жатыр. Сотталған кісілер де қазақ болған. Қуғын-сүргін кезіндегі құжаттарды әлі де құпия ұстау ережесі бар. Себебі ел арасында арандатушылық болмасын, тыныштық болсын деген ниет қана. Мәселен, Ақмырза, Жұмағазы деген батырлар әлі ақталған жоқ. Олар неге ақталмай жатыр? Ол кісілер қайда атылды. Бізге де құпия құжаттар берілген жоқ. Зерттеудің «А» деген бөлімшесіндегі құжаттарды әлі берген жоқ. Халық жауы атанған Жұмағазы молда Бәйімбетов 1931 жылы Алматы қаласында атылады. Бұл деректер жабулы қазан күйінде тұр.

– Бүгінгі ұрпақ сол уақытта батырлық танытқан кісілер туралы дұрыс пікір қалыптастыру үшін қандай шаралар жасалуда?

– Жастарға тарихты бүкпесіз жеткізіп, жас ұрпақ жадына егемендігіміздің оңай келмегендігін дәріптеу қажет. Сыр бойындағы ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан қазақтың ардақты ұлдарының ерліктері еш уақытта ұмытылмауы тиіс. Олар ар-намысы үшін жанын пида етті. Кейінгі ұрпақ, яғни біздер қазақ деген намысшыл халық екенімізді, аталарымыздың нағыз батыр екенін мақтан тұтуымыз керек. Бүгінгі ұрпақ қандай қасіреттен, қандай зұлматтан, қандай қайғыдан қазақ елі аман қалғанын түсінуі қажет. Сталин үкіметі ашаршылықпен, қуғын-сүргінмен бір-бірімізді балақтан тартқызумен халықтың бойына, санасына үрей сіңіріп тастаған. Сол үрейден әлі арылған жоқпыз. Мамандардың айтуына қарағанда, ашаршылық ұлттың психологиясына да орасан әсер еткен. Сондықтан да халыққа сол кездегі істеген әрекеттер қылмыс екенін түсіндіріп, сол кездігі қуғын-сүргін көрген жандарды ақтау керек. Зерттелген дерегі анықталып, сол кісілердің ерлігі жөнінде кітап шығаруды қолға алу қажет. Себебі алдағы уақытта бұл сандар өзгеруі мүмкін. Қазіргі ұрпақ сол кездегі батырлардың еңбегін түсінуі қажет. Зерттеу арқылы анықталғандарға көше атауын беріп, «Деректі» фильм, «Көркем» фильм түсіру арқылы жазықсыз жандар ақталса нұр үстіне нұр болар еді.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан
Айтолқын АЙТЖАНОВА

Балалар жылы 2022

ЖАЗДА ҚАЙДА ДЕМАЛАМЫЗ?

Оқу жылы аяқталып, оқушылар жазғы демалысқа шықты. Енді олар үш ай бойы демалып, уақыттарын қызықты өткізбек. Бүгінде олардың кейбірі жазды жоспарлап, қайда барып демалатындарын да ойластыруда. Осы орайда оқушылар назарына Қазақстанның көрікті жерлері мен демалыс орындарын таныстыруды жөн көрдік.

Коронавирус алып келген пандемия әлем туризміне едәуір қиындық тудырды. Дегенмен осы кезеңде көптеген қазақстандық ел ішіндегі демалыс орындарын таңдап, отандық туризмге бет бұрды. Соның ішінде Алакөл, Балқаш, Қапшағай секілді демалыс орындары келушілерге толды. Пандемия сейілген тұста да елдегі демалыс орнын таңдаушылар қатары сейілген жоқ. Отандық туризмнің әлеуеті артып, шетелден келушілер саны да көбейді. Демек Қазақстанда да көңілге қонымды, жанға жайлы демалыс орындары бар.

Мәселен, Алматы мен Шығыс Қазақстанның шекарасында орналасқан Алакөл соңғы уақытта келушілермен толуда. Мұндағы судың ең жылы температурасы шілде айының соңында болады.

Одан бөлек мұнда шілде жаздың ең ыстық кезеңі саналғандықтан, ыстыққа шыдамайтын жандар тамыз айының аяғында барған абзал.

Алакөлдің оңтүстік бөлігінің суы тұщы, ал солтүстік бөлігі жерасты минералды су көздерімен қоректенетіндіктен, тұзды әрі шипалы болып келеді. Көлдің аралдарында Алакөл мемлекеттік қорығы ұйымдастырылған. Сонымен қатар мұнда келушілердің демалысын барынша ыңғайлы ету үшін түрлі қонақ үй мен демалыс орталықтары, жайлы жағажай, белсенді демалыс орындары бар.

Алакөлдің Шығыс Қазақстандағы жағалауында орналасқан демалыс орындарының көбі Қабанбай ауылына жақын шоғырланған. Өскемен мен Семейден рейстік автобустар қатынайды. 2018 жылдан бастап маусым-қыркүйек айларында Өскемен-Жалаңашкөл поезы темір жол арқылы жолаушылар тасымалын іске асырып келеді. Алайда темір жол бекеті Алакөлдің оңтүстігіндегі алматылық бөлігінде орналасқан. ШҚО-дағы демалыс орындарына жаңадан салынған жайлы тас жолмен, такси жалдап жетуге болады.

Қарағанды, Жамбыл мен Алматы облыстарының шекарасында орналасқан Балқаш көлі де соңғы уақытта көптеген қазақстандықтың сүйікті демалыс орнына айналды. Мұнда шөл далаға тән климат болғандықтан жаз кезінде ауа-райы едәуір жоғары температураны құрайды. Балқаш – Қазақстандағы ең ірі көлдердің бірі. Батыс бөлігі тұщы, ал шығыс бөлігі тұзды болғандықтан, Балқаш жартылай тұщы көлдер санатына кіреді.

600 шақырымға созылған көлдің жағасы Бетпақдала шөлі, Шу-Іле тау сілемдері, Тауқұм құмдарымен шектеседі. Көл маңында ауа райы құрғақ. Сондықтан мұнда жаз қашанда ыстық, жауын-шашын аз болады. Демалысын жылы суға шомылып, шуақты күнге қыздырынып өткіземін дегендер үшін Балқаш – таптырмас орын.

Мұнда желкенді спорт, байдаркалық есу, балық аулау сияқты белсенділікке жаны жақын демалушыларға барлық жағдай жасалған. Жүзуден әуесқой жарыстар өткізілетін кезде шағын аралдар ақтық мәре ретінде таңдалып жатады. Алматы облысы Сарқанд ауданында 25-ке жуық демалыс орны бар. Балқаш қаласына негізделген қарағандылық жағалауда олардың саны көбірек. Олардың көбі Шашубай және Тораңғылық елді мекендері мен Приозерск қаласында орналасқан.

Бурабай – демалысты, отандық туризмді жаны сүйетін қазақстандықтар үшін әрдайым ерекше. «Табиғат мұражайы» аталып кеткен Бурабай тіршілік дүниесі туралы сыр шертетіндей кейіпте. Мұражай экспозициясына қорғауға алынған аңдар мен жабайы құстардың тұлыптары, сирек кездесетін өсімдіктердің үлгілері қойылған. Оған қоса, туристер назарына табиғи минералдар ұсынылған.

Нұр-Сұлтан қаласынан Бурабай курортына дейінгі арақашықтық 255 шақырымды құрайды. Астананың төрінен Бурабайға пойызбен, автобус, такси немесе жеке көлікпен жетуге болады. Одан бөлек Бурабайға қыста да, жазда да баруға болады. Мамырдың ортасынан қазанның аяғына дейінгі аралықта жол-жөнекей кездесер кафелер мен мейрамханалардың барлығы ашық болса, қыс пен күз айларында олардың саны азаймайды. Одан бөлек, тамақтану мен орналасу жағы да еш қиындық тудырмайды.

Сонымен қатар достарымен, сыныптастарымен демалғысы келетін балалар үшін Қазақстанда бірқатар балалар лагері жұмыс істейді. Лагерьде олар жазғы демалысын қызықты, пайдалы және естен кетпестей өткізе алады. Сондай демалыс орындарының бірі – «Тау самалы» лагері.

Алматыдан 40 минуттық жердегі «Тау самалы» лагері теңіз деңгейінен 1600 метр қашықтықта орналасқан. Лагерьдің аумағында бассейн, теннис алаңдары бар. Сондай-ақ қысқы мезгілде шаңғы, шанамен сырғанауға жағдай жасалған. Жазғы мезгілде бұл орында балалар тынығу лагері ұйымдастырылып, демалыс уақытын әсерлі өткізуге бар мүмкіндік жасалады.

Іле-Алатауының баурайында орналасқан тағы бір демалыс орны – «Марал-Сай» лагері. Мұнда арнайы дайындықтан өткен жетекшілер қызмет етіп, балалардың қауіпсіздігі үшін барлық шаралар ұйымдастырылған.

Ал балаларға естен кетпес естеліктер сыйлау үшін әр күні арнайы танымдық-тәрбиелік және жарқын көңіл-күйге бөлейтін бағдарлама дайындалады. Соның нәтижесінде балалар шығармашылықта, өнерде және спортта өзін көрсетеді.Лагерьде бассейн, футбол, баскетбол, үлкен теннис, ат спортына жағдай жасалған. Одан бөлек арнайы акт зал, кинотеатр, диско клуб пен шығармашылық бөлмесі де орналасқан. Ал кішкентай балалар үшін ертегі қаласы мен кішкентай бассейн бар. Одан бөлек, Қазақстанда кішкентай саяхатшыларға арналған «КазГео», «Ұлытау», «Балдәурен» мен «Жас құтқарушы» секілді жазғы тынығу лагерьлері бар.

А.ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

ТӘТТІ ЕСТЕЛІК

САТҚЫНДЫҚ

Бала кезде бұзық, ерке болдым. Ол кезде әлі қарындасым жоқ, үйдің №1 еркетотайы мен едім ғой. Айтпақшы мен 5 сыныпта оқығанда қарындасым дүниеге келіп, 1-2 апта папамаманы қызғанып, тығылып жылағаным бар. Бірақ ол басқа әңгіме... Бұл естелік балғын балалық кез туралы. Үйдегілерге айтқанын істететін де, «нулевой» сыныпқа мектепте ойыншық жоқ деп бармай балабақшада қалатын да, 4 сыныпқа дейін ойыншық ойнайтын да мен. Бүгінгі әңгіме сол балабақша кезінен.

Неге екенін білмеймін, әйтеуір балабақшада орысша топта болдым. Настя-Костя деген балалармен дос болып, «Алма кетті домалап» дегеннің орнына «Ехала белка на тележке» деген санамақты жаттадым. Үйде қазақша, балабақшада орысша сөйлеп, полиглоттың «демо версиясы» едім. Балабақшадан күнде әкем немесе анам алып кететін. Үйдегі екі ағам мүлде алып кеткен емес. Өйткені тек кәмелет жасы барлармен ғана балаларды үйіне жіберетін. Жазайын деп отырған сол күн әлі есімде.

Таңғы сағат 7-де анам оятты. Балабақша ішінде киетін сандалик, шетінде қып-қызыл жіппен Н.А (Нұразғали Аслан) деп тігіп жазылған ақ футболка мен қара шортымды жап-жасыл рюкзағыма салып алғам. Анам қап-қалың етіп киіндіріп, сыртқа шығарып жіберді. Далада «темір тұлпарымды», шананы дайындап қойған әкем күтіп тұр. «Кожаный» салоны болмаса да таза ауа кіріп тұратын кабриолетіме отырып алдым. Үстімді әкем сол кездегі «модный», қоянның суреті бар көк одеяломен жақсылап тұрып қымтап балабақшаға қарай жол тарттық. Жолда анау не, амандасқан кісі кім, қар неге сықырлайды деген болмашы сұрақтармен әкемнің миын жеп келе жатқанда бір әңгіме бар «настроениемді» құртты. Неге екенін білмеймін, әкем кезекші топқа қалғанымды құптамайтын. Мейлінше ертерек алып кетеді. Мүмкін кезекші топта өзімді біртүрлі сезінетінімді айтқан шығармын. Әйтеуір әкем «Бүгін үйде қонақ болады, үйде істейтін тірліктер бар. Сол үшін кешке

сені садиктен Нұржан нағашың мен Сұлтан ағаң алып кетеді» дегеннен бастап кішкентай қабақ түйілді де қалды. Неге?

Өйткені Құдайдың құтты күні анам я болмаса әкем алып кеткенде міндетті түрде дүкенге соғамыз. Айлық түсетін алғашқы екі аптада ойыншық, киндер немесе тойбокс (ToyBox) аламыз. Отбасылық бюджет азайды-ау деген кезде Tan-Tan «Mivimex-тің арахис в кокосовой глазури», «бигбабл» сағыз алып береді. Бүгін ондай бақыт болмайтынына, екі «старшак» дым алып бермейтініне бала көңілім құлазып қалды. Содан кешке дейін қабағымнан қар жауып, «без настроений» жүрдім де қойдым.

Сағат шамамен 18.00. Өмірінде ондай жерді көрмеген, әженің «садигінде» ғана болған, бәріне таңқалғаннан жағы салбырап кетуге сәл қалған ағам мен анамнан тығылып темекі шегетін Нұржан нағашым келіп тұр. Екеуін бірден байқадым да танымайтындай түр салып алдым. Олар орыс «воспитательницаға» тілдері күрмеліп мені алып кетуге келгендерін түсіндіріп әлек. «Аслан, за тобой пришли» деген Наташа апайдың дауысына асықпа-а-ай барып, екеуінің көздеріне қарамастан «раздевалканы» көзбен бір шолып шықтым да әкем немесе анамды көрмей тұрғанымды білдірдім. Айым оңынан туып, мені бірден түсіне қойған тәрбиешім «Это твой брат?» деді. Дым ойланбастан, екеуінің көзіне бақырайып қарап тұрдым да «Нет, за мной папа придет» дедім. Ана екеуінің көзінің қасында үш литрлік банканың өзі түкке тұрмай қалды. «Өй Аслан, эй Аслан» дегеннен басқа ештеңе айта алмады. Маған келгендерін зорға түсіндірген екеуі «Он мой братишка» дегенді тіпті айта алмай дал болды. «Любимый» тәрбиешім екеуінің әңгімесін тыңдамастан «Пусть родители придут» деген сөзбен шығарып салды. Ол кезде «роскошь» саналатын телефон да жоқ екеуінде.

Сол кездегі Аслан іштей мәз-мәйрам. Үлкен іс тындырғандай алақандарын үйкелеп, өзін-өзі мақтап қояды. Ол күні біздің топ кезекші болмаса да апай қалған 3-4 баланы дежурный топқа апармай, іште қалды.

Ентігіп, қара терге түскен әкемді көргенде жүгіріп барып құшақтап алдым. Шамалы реніші бар ол тез-тез киіндіріп, сыртқа шығарып, «Саған наказание. Шанасыз келдім, үйге жаяу барасың» деді. Жолай неге олай істегенімді сұрап, дүкеннен бірдеңе алуға бола істегенімді білген кезде әкем еріксіз жымиып, бір күліп алды. Сосын «Березка» деген дүкеннен бір «тойбоксты» алып берді. Оның үстіне үйге жаяу да барған жоқпын, арқалап апарды. Осылай дүкеннен бірдеңе алуға бола ағаларымды сатып кеткем...

Аслан НҰРАЗҒАЛИ

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қазіргі білім беру бағдарламасын инклюзивті білім берусіз елестету мүмкін емес. Инклюзивті білім беру – баршаның сапалы білімге қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған білім беру жүйесін тарату процестерінің бірі. Ол балалардың зияткерлік, мәдени этникалық және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына орай айрықша білім алу қажеттіліктері бар балаларды ортаға қосуды, олардың сапалы білім алуы үшін әлеуметтік бейімделуін көздейді.

Өткен замандардан бері инклюзивті білім беруді дамыту әлемнің көптеген елдерінде білім беру саясатының жетекші бағдарына айналды. Атап айтар болсақ, АҚШ, Ұлыбритания, Дания, Испания, Финляндия, Германия, Италия, Австралия секілді алып мемлекеттерде осы үрдіс тұрақты қолға алынған. Осы елдерде балалардың дамуы мен әлеуметтік бейімделуі үшін тиісті психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған. Жалпы білім беру ұйымдарында психикалық және дамуында артта қалушылығы бар балалар қалыпты дамыған құрдастарымен бірге табысты білім алуда.

Инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері халықаралық ережелерге сәйкес әзірленген. Денсаулығы әлсіз және мүгедектігі бар балаларға білім беру мәселесі бүгінгі күні де күн тәртібінен түскен емес. Сондай-ақ тиісті назар аударуды талап етеді. Себебі жыл сайын психикалық және физикалық дамуында ақауы бар, туа біткен немесе жүре пайда болған ақаулықтары бар балалар саны арта түсуде. ҚР заңнамасында барлық балалардың білім алуға тең құқылы екендігі қарастырылған.

Осыған орай, мектебімізде инклюзивті білім алу санатына жататын оқушылар білім алуда. Сол себепті біздің тарапымыздан «Мектеп бәріне ортақ» бағдарламасы әзірленіп, жұмыс істеуде. Аталған бағдарламада аясында ерекше балалармен жұмысты ұйымдастыру бағыттары көрсетілген. Осы мақсатта мүмкіндігі шектеулі балалар өз құрдастырымен бірге білім беру мекемелерінде оқуға мүмкіндігі бар. Және олар қоғам өміріне белсенді қатысу құқығына ие. Сондықтан педагогтар алдында жауапкершілікпен жұмыс істеу міндеті тұр.

Ерекше қабілеті бар балаларды оқытудың негізгі жүйесі инклюзивті білім беру тетігіне тығыз байланысты. Осы мақсаттағы іс тәжірибелік және теориялық тұрғыдан үндестік тапса бұл бағыттағы шаралар дұрыс жолға қойылады. Сондай-ақ, инклюзивті білім берудің инновациялық жолдары дамып, компьютерлік технология, интерактивті тақтамен дәріс алудың маңыздылығы артады. Сонымен қатар келешекте мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру жүйесінде кедергілер болмақ емес.

Гүлмира СЕМБИЕВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, практикалық ағылшын тілі кафедрасы оқытушысы

BBC NEWS

ИЗРАИЛЬ «ОТПЕН ОЙНАУДА»

Мыңдаған израильдік еврейлер Иерусалимнің Ескі қаласындағы мұсылмандардың ауданында шеру ұйымдастыруға дайындалып жатыр. Айта кетерлігі, жыл сайынғы шеру бірнеше айға созылған қанды оқиғадан кейін ұйымдастырылмақ. Қарым-қатынас шиеленіскен кезде өткізілетін шараны Палестина президенті «отпен ойнау» деп атады. Бұл туралы BBC арнасының тілшісі Раффи Берг «Иерусалимдегі шиеленіс кезінде Израиль жастарының шеруі өтпек» тақырыбында мақала жариялады.

Жалау шеруін Израиль 1967 жылғы соғыста Шығыс Иерусалимді басып алуына орай Иерусалим күні өткізеді. Көптеген ел мен палестиналықтар жоққа шығарғанымен, Израиль бүкіл Иерусалимді өзінің астанасы деп санайды.

Палестиналықтар Израиль басып алған Шығыс Иерусалимды өздерінің болашақ елінің астанасы деп санайды. Осылайша екі елдің біреуінің сөзін өзгесі арандатушылық деп санап, ара-қатынастарын шиеленістірген.

BBC тілшісі Йоланда Неллдің айтуынша, демонстранттар көбіне Батыс Иерусалимде жиналған. Онда олар мерекелік көңіл-күймен көше айналып билеп жүр. Кейбір алдыңғы қатарлы топтар қазірдің өзінде Дамаск қақпасы арқылы Ескі қаланың кіреберісіне қарай жүріп жатыр, сол жерден олар ежелгі аймақтың мұсылмандар кварталы арқылы шеру өткізуді жоспарлаған.

Бұған дейін Ескі қаладағы киелі орында палестиналықтар мен израильдік полиция арасында қақтығыс болған еді. Көп ұзамай жүздеген турист еврей, соның ішінде депутаттар полиция тоқтатпас бұрын билеп, Израиль жалауын желбіретіп, қылшылық еткен. Палестиналықтар мұндай әрекеттерді арандату деп санайтыны және содыр топтар бұған шыдамайтындарын ескертті.

Палестинаның ресми ақпарат агенттігі «Вафаның» хабарлауынша, президенттің баспасөз хатшысы Набил Абу Рудайне «Израиль Шығыс Иерусалимдегі қоныс аударушылардың қасиетті жерлерді қорлауына жол беріп, «отпен ойнауда», – деген мәлімдеме жасады. Палестина шенеуніктері мұсылмандар мен еврейлер құрмет тұтатын қасиетті жерге барған израильдіктерді туристерді «қоныстанушылар» деп атап, олардың қасиетті жерде болуын «қорлау» деп біледі.

Еврейлер мен басқа да дін өкілдеріне белгілі бір уақытта қасиетті орынға кіруге рұқсат етілген. Алайда сол кешенді басқаратын мұсылман билігімен ұзақ мерзімді келісімге сәйкес, қылшылық етуге, кез келген діни немесе ұлттық рәміздерді көрсетуге тыйым салынған.

Палестинада тұратын Иерусалим белсендісі Усама Бархам BBC-ге «Бүгін қасиетті мешітімізде болған оқиға шеруде жүруден әлдеқайда қауіпті», – деп айтқан.

Бұл жер мұсылмандарға Харам аш-Шариф ретінде белгілі және мұнда Исламдағы үшінші маңызды орын саналатын әл-Ақса мешіті бар. Дәл сол төбедегі кешен еврейлерге ғибадатхана тауы ретінде белгілі және иудаизмдегі ең қасиетті орын саналады.

Өткен жылы Газадағы Израиль мен палестиналық содырлар арасындағы 11 күндік жойқын қақтығыс кезінде Газа секторының Хамас билеушілері қаланы зымыранмен атқылаған еді.

Ал Иерусалим күнін дәстүрлі түрде мыңдаған жас еврей атап өтеді. Олардың көпшілігі Израиль жалауын желбіретіп, би билеп, патриоттық әндер шырқайды.

«Израиль бізге тиесілі екенін көрсету үшін келдік және біз өз қаламыздан ешқашан бас тартпаймыз. Біз мұнда болғанымызға қуаныштымыз. Біз ұрысуға келген жоқпыз, елімізге деген мақтанышымызды көрсету үшін келдік», – деді шеруге қатысуға келген Эйтан Энгландер.

Шеру әл-Ақса мешітіне іргелес тұрған еврейлердің «Көз жасы қабырғасының» ғибадатханасында аяқталады. Ал биылғы шеру израильдіктер мен палестиналықтар арасындағы онсыз да шиеленіскен ара-қатынас кезінде өтпек. Палестиналықтар мен израильдік арабтардың израильдіктерге қарсы шабуылы, соның ішінде шабуылдаушы, содырлар мен бейбіт тұрғындардың өлімі екі жақтың да ашуызасын тудырды.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Аслан НҰРАЗҒАЛИ

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4261 Тапсырыс №866

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ